

**«8D02201-Философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия  
докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған  
«Билік феноменінің құндылықтық негізі» тақырыбындағы  
Мәлік Галым Алаудинұлының  
диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшінің**

**ПІКІРІ**

«Билік феноменінің құндылықтық негізі» тақырыбындағы диссертация билік феноменінің негізінде жатқан құндылықтық жағынан талдауға мақсат етілген кешенді зерттеу жұмысы. Диссертация қоғамдағы биліктің табиғаты мен қызметін және қандай құндылықтар анықтайды деген негізгі мәселені түсіндіруге көніл болінген.

Бұл диссертацияның өзектілігі құндылықтардың қоғамды басқару процестеріне әсерін талдау ерекшеліктерімен байланысты. Осы орайда тұрақты және әділ әлеуметтік жүйелерді құру үшін биліктің құндылықтық аспектілерін түсінудің маңыздылығын көрге болады оған қоса қазақ қоғамының билік феноменінің эвалюциалануына зерттеу жүргізуі ғылыми жұмыстың құндылығын арттырған. Қазіргі Қазақстан жағдайында бұндай зерттеулер жүргізу өте қажет екендігін түсінеміз.

Қоғам контекстіндегі биліктің мәні мен мақсаттарына қатысты әртүрлі философиялық, саяси және әлеуметтік теорияларға ауқымды шолу жасалған. Билік феноменіне қатысты құндылық көзқарастарының қалыптасуына әсер ететін тарихи және мәдени контексте талдаулар жүргізілген.

Мәлік Галым билік феноменінің қалыптасуы мен қызметіндегі құндылықтардың рөлі туралы өзіндік терең ойларды ұсына білген, әлемдік философиялық ой тарихындағы билік феноменіне тұжырымдамалық талдау жасай отырып, қазіргі Қазақстан қоғамындағы келісімді қамтамасыз ету үшін өзіміздің билік феноменін түсіну маңызды екендігі оған қоса оның біз үшін негізгі құндылықтарын анықтау зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болғандығын көрге болады. Қазақстан аумағында билік жүйесін қалыптастыру тақырыбы өзекті, өйткені ол елді қалыптастырған тарихи, саяси және мәдени аспектілер туралы түсінік береді. Бұл бізге билік динамикасын, ұлттың өміршеңдігін және мемлекеттік құрылыштың жалғасып жатқан процесін түсінуге мүмкіндік береді.

Диссертация биліктің іргелі принциптерін ғылыми түсінуге айтарлықтай үлес қосады. Зерттеу нәтижелері саясаттанушыларға, философтарға, сондай-ак әлеуметтанушыларға пайдалы болады, өйткені жұмыс қоғамдық келісім мен тиімді биліктің негізінде қандай құндылықтар жатқанын түсінуге көмектеседі.

Зерттеу жұмысының алғашқы тарауы билік феноменін зерттеуде теориялық-әдістемелік негіздеріне арналған, онда философиялық, әлеуметтік және саяси көзқарастар қарастырылған. Атап айтқанда, ежелгі дәуірден

қазіргі заманға дейінгі билікті түсіндірудің кең саласын қамтуға мүмкіндік беретін талдаудың көпсалалы концептуалды тәсілі қолданылған.

Екінші тарауда құндылықтар ұғымы және оның билік феноменімен байланысы егжей-тегжейлі көрсетілген. Мәлік Галым билік пен құндылықтардың қоғамның әртүрлі деңгейлерінде, соның ішінде жеке және ұжымдық деңгейде қалай өзара әрекеттесетінін аша отырып саяси және мәдени трансформация жағдайында құндылықтардың өзгеруін диссертант жұмысында қарастырған.

Үшінші тарауда дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік тұжырымдамалары келтірілген және қазіргі Қазақстандағы билік қатынастары жүйесінің ерекшеліктері мен қазақ философиясы контекстіндегі билік құндылықтарын талдап өткен. Оған қоса Қазақстанда жоғарғы билік жүйесінің қалай дамығандығы оның басқару құрылымдары, мәдени дамуы және бүкіл тарихындағы билік динамикасы туралы құнды мәлімет беріледі.

Тұастай алғанда жұмыс құнды зерттеу болып табылады, диссертацияның нәтижелері билік пен оның құндылық табиғаты мәселелері бойынша ғылыми ойдың дамуына маңызды үлес қосады. «Билік феноменінің құндылықтық негізі» тақырыбындағы диссертациясы кең көзқараста қарастырылған. Тақырыптың өзектілігі ғылыми қауым үшін маңыздылығы жоғары. Мәлік Галым Алаудинұлының докторлық диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыдан маңыздылығын ескере отырып, өз бетінше жазылған және ғылыми-техникалық талаптарға сай деп тұжырымдай келе, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесшісі  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
ф.ғ.д., профессор



РАСТАЙМЫН:	«Абай атындағы ҚазҰПУ» ҚЕАК КАДР-САЯСАТИК БАСҚАРМАСЫ
ЗАВЕРІЮ:	УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ АО «КазНПУ им Абая»
КОПЫ	20.05.2024 ж.
ПОДПИСЬ	

**Кабаева Ж.А.**